

## SECTION 29. Literare. Folklore. Translation Studies.

Otesh Zhibek Amirovna

lecturer of the Department "Philology and journalism",  
Taraz State University named after M.Kh. Dulati, Kazakhstan

### THE SKILL OF THE CREATION OF THE PORTRAIT - AN INDICATOR OF THE WRITERS WORLDVIEW

*The article considers the question writer's skill Б.Момышұлы. So as not being a professional literary critic and a writer's story «Our family» became one of the most prominent works in the Kazakh prose. In particular portrait in the work Б.Момышұлы, is considered as an important element of artistic skill principles and of the writers worldview.*

*Keywords:* memoirs, portrait, story.

УДК 82-93:087.5

### МАСТЕРСТВО СОЗДАНИЯ ПОРТРЕТА – ПОКАЗАТЕЛЬ ПИСАТЕЛЬСКОГО МИРОВОЗЗРЕНИЯ

*В статье рассматривается вопрос писательского мастерства Б.Момышұлы. Так как не являясь профессиональным литературоведом и писателем его повесть «Наша семья» стала одним из особенностей произведений в казахской прозе. В частности портрет в произведении Б.Момышұлы рассматривается как важнейший элемент художественного мастерства и писательского мировоззрения.*

*Ключевые слова:* мемуары, портрет, повесть.

### ПОРТРЕТ ЖАСАУ ШЕБЕРЛІГІ – ЖАЗУШЫ ТАНЫМЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ

Әр дәуірде, оның ішінде, әрине, қазіргі кезде көркем шығармадағы адамдарды аса биік көркемдік талаптарға сәйкес барынша терең де, толық бейнелеген уақытта олардың жан дүниесі де, адамгершілік құнды қасиеттері де айқын ашылатыны, жан-жақты танылатыны белгілі. Себебі, «әдебиет адамды тану өнері деп танылғанда, әр шакта, әр дәуірде адамды оның жан дүниесінің, жаратылышының барынша шарқына жеткен шағына апара түсіп суреттеу керек болатын» [ 1, 395-б].

Көркем туындыда адам образын мұсіндеп айқындаі түсудің жолдары көп. Көркемдік бейнелеудің, яғни шығарманың көркемдік компоненттерінің қай-қайсының да адам бейнесін толыққанды етіп

шығарудағы рөлі ерекше екені әр уақытта ескерілуге тиіс. Көркем шығармадағы адам бейнесін айқындайтын көркемдік компоненттердің бірі – портрет. Портрет әдебиеттің барлық жанрларында түгелдей қолданыла бермейтіні де мәлім. Портрет, негізінен, прозалық, поэзиялық шығармаларда, әсіресе, сюжетті эпикалық туындыларда қолданылатын бейнелеу құралдарының бірі.

Әдебиеттің классиктері, теорияшылары шығармадағы адам портретіне айрықша назар аударып, әрдайым үлкен көңіл бөліп отырғаны әдебиет тарихынан белгілі. Олар эпикалық шығармадағы образды аша түсудегі көркем портреттің атқаратын рөлінің маңызды екенін баса көрсетіп отырған.

Қай ұлт әдебиеті болмасын, онда да осы көркем тәсілдің мән-маңызын белгілеп өткен. «Писатель должен смотреть на своих героев именно как на живых людей, а живыми они у него окажутся, когда он в любом из них найдет, отметит и подчеркнет характерную, оригинальную особенность речи, места, фигуры, лица, улыбки, игры глаз и т.д. Отмечая все это, литератор помогает читателю лучше видеть и слышать то, что им, литератором изображено. Людей совершенно одинаковых – нет, в каждом имеется свое – и внешнее и внутреннее» [2, 117-118-б] - деп А.М. Горькийдің портреттің образ жасаудағы қажеттілігін жеткілікті сипаттағанын көреміз.

Сонымен кейіпкер портреті әр түрлі тәсілмен беріледі:

- кейіпкердің кескін-келбетін, жүріс-тұрысын, қимыл-қозғалысын, киім киісін суреттеу арқылы оның мінез-құлқы ашылып, толық бейнесі жасалады;

- портрет жасауда әр түрлі тәсілдер қолданылады. Кейде жазушы кейіпкерлердің портретін басқа бір кейіпкерлердің көзімен, соның суреттеуімен береді;

- портрет диалог арқылы беріледі;
- монолог арқылы беріледі;
- авторлық баяндау арқылы беріледі.

Ал, жауынгер-жазушы, Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының шығармаларын алғатын болсақ, онда портреттердің жасалу шеберлігі соншалықты көркем болмаса да нанымды суреттеліп, шығарманың шынайылылығын, творчестволық табиғатын арттыра түсken. Эрине, Б.Момышұлы кәсіби жазушы емес, арнайы әдебиеттік білімі де жоқ. Дегенмен ол адам жанының тұнғиығына бойлай білген, адам мінезінің қыр-сырын түсіне білген сұңғыла психолог. Оның соғысқа дейінгі шығармасы («Ұшқан ұя» повесі) оқырман жүргегіне қалай жол тапса, соғыстан кейінгі жазған әңгімелері мен естеліктері («Москва үшін шайқас», «Генерал Панфилов», «Куба әсерлері», «Я помню их», «Жауынгердің тұлғасы», «Адам қайраты», «Қанмен жазылған кітап») де

соншалықты шынайы, өмір шындығын, соғыс шындығын суреттеген құнды дүниелер болып қалды.

«Мен писатель емеспін, я честно признаюсь. Я это категорически отрицаю. Мен – мемуаристін. Мемуар деген сөзді түсіну керек. Ол ой толқыны, сыр толқыны деген нәрсе. Тіл жағынан, саяси жағынан менің кемістігім мол, бірақ шындық жағынан да растығым аз емес. Вот почему я вышел в литературу!

Менің әдебиетке кіріскең жолым басқалардан бөлек, қазақ әдебиетінде мемуарлық, естелік, халық мақал-мәтелдері менің авторларымдағы негізгі тамырлары. Мен өз түсінігімше шындықты жазуға тырыстым. Көптеген нәрселердің менің қолымнан келмегенін мойындаймын. Осы күндегі жастардан мен орысшаны нашар білгеніммен, олар қорқақ, мен батырмын. Әліме қарамастан, мен орыс тілінде орыс жазушыларының өзімен жағаластым... Қазақ тілін де мен нашар білемін. Өзіме қарамастан қазақ тілін менен жақсы білемін дегендермен де жағаластым. Грамматика, синтаксис деген тіл жағынан салыстырмасы бар ғой – олардан менің осы уақытқа дейін ешқандай хабарым жоқ. Менің сыйынғаным, сенгенім – халық тілі болды, орысша да, қазақша да. Мен соларға сүйеніп жаздым естеліктерімді...

Сыр ашсам саған, халқым, ұға білсен,  
Даярмын өрт пен суға, маған сенсөн...  
Мен мұны бекер жазғаным жоқ.

Арынды ақ ниетпен ақтамасам,  
Ризамын теріс қолмен бата берсөн...  
Осы сөздерім жоғарғы ойлардан шығады» [3, 37-б]

деп, батыр өзінің жазушылық қабілетін өзі-ақ анықтап, мемуарлық жанрдың да мән-маңызын атап өткен.

«Ұшқан ұя» повесі халықтық ұғымға бай, дүниетанушылық қуаты мол, тәрбиелік мәні зор туынды болғандықтан, тек бүгінгі ұрпақ үшін ғана емес, келешек ұрпактардың да қызыға оқитын болашағы мол, жасампаз шығармаға айналып отыр. Б.Момышұлының сөз саптауы, әсіресе табиғатты суреттеп, оны адам жанымен, адам тағдырымен ұштастыруы, адам бейнесіне салып көркем сөзбен бейнелеуі таң қалдырады. «Бұл сонда үн-түнсіз шаруақор менің әкеме ұқсайтын. Ал күн күркіресе, апамның ересек балаларына ақырып-зекіргені есіме түсіп, жым боламын. Жаңбыр жауса, жас баланың көз жасындаі, кімді аятынды білмеймін, әлдекімге жаным ашып, жаңбыр жауса, жылағым келер» [4, 17-б] – деп балалық шағының оралмас тәтті сәттерінен сыр шертеді. Әкесі мен әжесінің қимыл-әрекеттерін табиғаттың жанды көріністерімен параллельді түрде қатарластырып суреттеуі кейіпкерлер образын, ол арқылы портреттерін нанымды түрде берген.

Алайда жазушы өз көздеген мақсатына жетуі керек, яғни портрет арқылы оның сырт пішінің өзінің эстетикалық идеалы түрғысынан ғана суреттеу емес, штрих-детальдарды қолдану. Кез келген қаламгер кейіпкерге сипаттама беріп, оның жанды бейнесін оқырманына таныту үшін портреттік детальдарды ұтымды пайдалану да әдеби туындының көркемдік қуатын арттырудың кепілі. «Жазушы шығармадағы портреттік детальдарды өзінің эстетикалық идеалына орай алады. Сол арқылы образдың толық қанды кейіпін беруді мақсат етеді. Кейіпкердің сыртқы көрінісі оқушыға түйсік туғызады, бірақ ол әлі оның мінезд-құлқын толық ашуға жеткіліксіз. Ол үшін шығармадағы басқа эпизодтарға, штрих-детальдарға терендей бару керек» [2, 107-108-б] – деп ғалым Т.Ақшолақов кейіпкер характерінің әр жақты ашылуының маңыздылығын көрсетеді.

Бауыржан Қызтумас әжесін, Момыш әкесін, Момынқұл көкесін ерекше суреттейді, әр бөлімде олардың іс-әрекеттері, диалогтары, мінезд-құлқықтары арқылы портреттерін детальдан жеткізеді.

Момынқұл көкесін суреттеп отырғанда, оқырман назарын сол мезетте өр мінезді Серкебай нағашысының образы да қызықтырады. Жазушының өзі де «нақ бір ескі дәуірдің қатал әміршілеріндегі елестейді» деп қоятыны бар.

«Серкебай асыл киімдерді қонымды етіп, сымбатты киініпті: алдымен құндыз бөркі құлпырып көз тартады. Бөркін шешкенде көк тақыр етіп қырған басында оқалы барқыт тақиясы қалды. Бешпет сыртынан буған кемер белдігінің жалпақтығы кере қарыстай еді. Сабы күміспен күптелген қамшысын сәнмен қос бүктеп қасына қойыпты. Етсіз қыр мұрыны, қысыңқы өткір көзі ашаң жүзін айбарландырып жібереді еken. Қияқтай етіп бастырған мұртының ұшы екі езуін жиектеп көмкеріп түр. Селдір ұзын сақалы кеудесіне түседі. Ол аз сөйлеп, әр сөзін нығарлап, таптап, қарсы отырған адамына қарай қамшысын немесе сұқ қолын нұқып сесті айтады еken. Нағашым ешкімді бет қаратпайтын, айналасын айбармен мендеп алған, өркөкіректеу көрінді. Өз қатарларының өзін менсінбейтін кісі, біз сияқты бала-шағаға көз қылғын да салған жоқ» [4, 37-б].

Мұндағы портреттің өзгешелігі Серкебайдың бет-әлпеті мен кейіпін ғана суреттеу емес. Оның киім-киісі, жүру әдеті, сөйлеу мәнері, барлық қимыл-қозғалысы көрініп, есте қаларлықтай сипат-белгілері туралы да айтылады. Сондай-ақ, шығармандың басқа да бөлімдерінде Серкебайдың әрекеттері детальді портреттер арқылы көрініс тапқан. Оған дәлел кейіпкердің сөздері, арада болған диалогтары.

- Жаман күшікше неменеге жалтақтап тұрсың? Ұзатылған қыздай сзызыла қалыпты ғой, қызталақ. Мен саған әлі көрсетермін. Ауылға барған соң, екі аяғынды бір етікке тықпасам ба. – Сөйтті де әжем жаққа алара көз тастап, тістене сөйледі. – Балаңның сүйегі ғана сенікі, әпке! Қалғаның өзіме жіберіңіз бұл тентектің...» [4, 37-б] – десе, енді бірде: «...Мен көкемдер ауылдан аттанарда Серкебай нағашым еліне барған соң,

шынында да көкемнің «екі аяғын бір етікке» тығып қояды деп қиналған едім. Сөйтсем онысы қatal тәртіpte ұстаймын дегені еken ғой. Көкеме үзын ақ шапан кигізіп, басына сәлде оратып, окуға ұңлдіріп қойыпты» [4, 38-б]. Серкебайдың бұл әрекеті ұрпақ тәрбиесіне қазақ халқының ерекше назар аударатындығының көрінісі іспеттес.

Осынау адудынды мінезімен танылған Серкебай қаншалықты қatal, әміршіл болса да, соншалықты парасатты, кешірімшіл болатын. «Серкебай нағашым да ашуын лақ еткізіп төге салып, көкемнің тентектігін лездे кешіретін» [4, 69-б]. Автор Серкебайды тұлғалауда, портрет жасауда ұзак баяндамай, оның харakterін танытып, оқырман көңілінде ұзак сақталатындей етіп суреттеген.

Повестегі әйел теңсіздігінің құрбаны болған Зәпира сұлу да ерекше. Оның портреті бірнеше тұста әсерлі суреттеген. «Нұрбайдың жалғыз қызы Зәпира да ағалары сияқты сымбатты, сұңғақ бойлы, толықсыған қыз еді» [4, 77-б] – деп автор таныстырып өтсе, енді, міне, толығымен суреттеуге кіріседі: «Зәпира келбетті келген жан еді. Талдырмаш сұңғақ бойына әркім-ақ сұқтана қарайтын. Оның атжақты жүзі, қыр мұрыны, үлбіреген беті шығыстың сұлуларын елестеткен. Жайнаған мөлдір көзі, қарлығаштың қанатындей қияқ қасы, шоқтай қызыл, қалындау ерні өзгеше бір сұлулықтың нышанын аңғартып тұрушы еді.

Өзі де айналасындағы күйкі көріністі мойындағысы келмей, өзін қоршаған сұрықсыз тірлікті көзіне де ілмей, батыл да еркін жүретін» [4, 77-б].

М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында жас Абайдың Тоғжанға деген ыстық сезімін суреттегендеге қолданылатын портреттік деталь – қыздың бейнесін оның шолпысының сылдыры арқылы әсерлі елестетуі. Сол секілді жас балғын Бауыржанның да есінде Зәпира сұлудың әсем келбеті мәңгілікке сақталады. Мына бір детальда оның көрінісі нақты берілген:

«Оның басын шалқайта ұстап, маржандай тізілген ақ тістерін көрсетсе, бұралып отырғаны әлі есімде. Ақторғын кимешектің сыртынан әсем ораған күндігі ерекше жарасып тұрушы еді. Мен одан көз алмай қарайтынмын» [4, 78-б]. Жас жеткіншектің бойында әлдебір сезім жанын жайлап алатын.

Жалпы бұл кейіпкер сыртқы көрінісі, яғни Зәпираның портреті шебер жасалған деуге негіз бар. Жазушының суреттеген жалпы портретінен басқа психологиялық портреті де ұтымды шыққан. Сол алғашқы көргеннен кейін араға екі жыл салып:

«Баяғы батылдықтан, еркіндік пен өжеттікten жүрнақ та қалмапты. Қатты шөгіп, ауым-сауым халге түсіпті. Шамасы бұрынғыдай бой түзеп, тараңып, жинақты жүруді де ұмытқан-ау. Басындағы ақ жаулығы да бозарып бітіпті. Жүрісіндегі өзіне тән ерке қымыл суға түскен кесектей еріп кеткен сияқты. Жәудіреген мөлдір жанары бұрынғыдай нұр шашпай,

жасаурап, солғынданап кеткен. Айналадағының бәріне өшіге, жанымен жек көре қарайтын сияқты. Жұрт енді: ол безілдеген Анаргүлдің жыбырыжыбырына көніп болған, тіптен қүйеуі дауыс шығарып, қол көтеретін де болыпты деп жүрді» [4, 83-б] - деп, жазушы Зәпираның ендігі халі «жайнап тұрған гүлдей емес, күздің күлгін жапырағындаі күн сайын солып бара жатқандығын» үлкен бір аяушылықпен, күйзеліспен білдіреді.

Кейіпкерлердің өткен өмірін еске алудағы шегіністі шығармаларына желі етіп баяндау – жауынгер-жазушының қолданған ұтымды тәсілі. Олардың өмірлеріндегі болған әр оқиғаға, эпизодқа ұқыптылықпен, аса қырағылық танытып, ескеріп отыруы – кейіпкерлердің ішкі әлемін танудағы бірден-бір қажет компонент, әрі көркемдік тәсілі. 1943 жылы Бауыржан ауылына демалысқа келіп, сол-ақ еді, қартайған бір әйелге сәлем беруге тұра бергенде, ол өзінің сүйікті Зәпира женгесі екенін әрең таныпты:

«Сырттан елдің ең соңы болып, белі бүкшиген, кір орамалы көзіне дейін түсіп кеткен бір әйел келді. Әлгі әйел асқан бір жылы мейіріммен құшып, еркелете сөйледі. Сонда барып майшамның алакөлеңкесінде әйелдің Зәпира екенін әрең танып едім. Әбден қажып бітіпті. Шүйкедей боп шөгіп, бүрісken күйі отыра берді. Шамның күнгірт жарығы әжімдерін адырайта айқындал, тіссіз қушиған иегін де әйгілеп тұр» [4, 83-б].

Тіпті оның, яғни Зәпираның арада қаншама жылдар өтсе де, сөйлеген сөздері де жас кезіндегідей айбарлы, айбынды болып естіліп, оның сырт бейнесіне ерекше нәр береді. Қалыңмалдың қарғысынан сол баяғы қарсылық пен бұлқыныс оты өшпеген, өміріне мәңгілік өшпес қара із қалдырған зорлықты ұмытатын емес. Оның портретін күшайтетін де осы тұсы.

-Бөрік кигеннің бәрі азамат атын жоғары ұстап, халқын қорғауға аттанғанда, Даулет оған да жарамады ғой, - деп ызалы сөйледі Зәпира. – Анасы сол үшін тугандай, менің қорушым боп жәрбиіп отырған жоқ па?! [4, 84-б].

Міне, жазушы повесіндегі қазақ халқының өмірінде өткен елеулі оқиғаларды баяндай келе, үлкен бір әлеуметтік кезеңдерді сипаттап өтеді. Ал қазақ халқының байырғы әрі әдемі салт-дәстүрлері тек құрғақ суретtelмей, кейіпкерлерінің тікелей қатысуымен, солардың араласуымен өтеді. Халқымыздың өміріндегі зор әлеуметтік өзгерістерді, оның жеке адам, отбасы, ауыл өміріне ықпалын кең тыныспен суреттейтін келелі шығарма.

Музей апа атанип кеткен Бауыржанның үлкен әпкесі Убианның да бейнесінің суреттелетін осы тұсы. «Ат жақты, қыр мұрынды, жіңішке ерінді, сылдырлаған шолпыларын өріп, жылтыраған қара шаштарын екіге бөлгенде, жүзінің сұстылығын, мінезінің айбарлығын танытатын. Ұзын бойы мен қыпша белі үшін «Талшыбық» атанип кетті. Оның барлық қимылына тән бір қалыпты жүрісі мен байсалдылығы ерекше нәзіктік

беріп, еріксіз өзіне тартатын» [4, 90-б]. Автор жалпы портретті бере отырып, кейіпкер бойын әр түрлі детальдармен қоса суреттейді. Оның киім-киіс әдеті де, сан алуан зергерлік бұйымдар да өңіне қосымша нәр береді.

«Әпкем әбден толысып, ауылдың бұрала басқан бойжеткені болды. Енді ол мойны мен қеудесін алқаға толтырып, шашына шолпы тағатынды шығарды. Үкілі кәмшат бәркінің жиегіне де шетірмек тігуші еді. Саусақтары жүзікке толы. Ауылдың еркесі атанып, жиын-тойдың, айтыстың көркіне айналды. Өзі де еркін жүріп, ән-күйдің ортасында өсіп, жасының жиырмаға шығып бара жатқанын аңғармай да қалып еді» [4, 84-б].

Сол сияқты жазушы әпкесінің ұзатылу үстіндегі сырт бейнесін әдемі суреттеген. Қазақ дәстүрінде ұзатылар қыздың киіміне де еркше мән берілген. Осы салт-дәстүр арқылы қаламгер өз оқырманын Ұбианның ендігі портретіне назар аудартады. «Раушан тұстес бүрме етек көйлекті кигенде, әпкемді танымай қалдым. Керемет жарасымды екен. Көйлек сыртынан қынамабел көкбарқыт бешпет киді. Құндыз бәркінің төбесінде үкі желбірейді. Қос бұрымының ұшынан күміс тамшы төгілгендей, арқасында әсем шолпы сылдырайды. Аяғында биік өкше, оюлы етік. Мойны моншаққа толы, қеудесін алқа көмкөріп тұр. Аппак білегінде қосқостан күміс білеziк. Саусақтары сақинамен безенген. Тырнағына аздал сүрме жаққандай көрінді» [4, 97-б]. Кейіпкер портретін жасаудағы шеберлік жалаң емес, ой-толғамға толы. Оның ар жағында салтқа беріктік пен терең сүйіспеншілік жатыр. Осы Ұбианның портреті арқылы бұл көрініс тамаша, әрі әсерлі шыққан, әрі көркем бейне де соншалықты жанды, тірі адамдай елестейді.

Сондай-ақ, оның қарсылық білдіруінен де әлдебір мінез ұшқыны байқалады. Ұрын келген күйеу баламен көрісуден бас тартып тыйып тастағанынан бойына біткен мінезінің де көрсеткіші іспеттес.

«Унемі салмақты үні қатты шықпайтын байсал мінез әпкемнің дауыс көтере алатыны, қарсылық көрсете алатынын, бұлтартпай бұйыра алатынын мен тұңғыш рет сонда сездім.

Әпкем әлдебіреу күшпен жетелей жөнелетіндегі тартынып, сандыққа сүйеніп тұр. Оның шырайлы өні сүрланып, жүқа еріндері дір-дір етеді» [4, 90-б] - деп жазушы мінезін айқындағы келе, сол бір әрекет үстіндегі портретінен хабар береді.

Қазақ ауылына ене бастаған қоғамдағы өзгерістерінің бірі әйел теңдігінің бір белгісі, көрінісі – жазушының тағы бір жеңгесі Зәуренің тағдыры еді. Бірақ Зәпираға қарағанда, ол өзінің теңдігін қорғап, басына жаңа күн туды. Негізіссіз тағылған айыпқа қарсы сөйлей алды, ешбір күнәдән таза, адал болғандығын дәлелдей алды. Сондықтан да оның бейнесін автор тыс қалдырмай суреттеуінде де өзіндік мәні бар. Алайда оның портреті сырт келбетімен емес, ситуация үстінде беріледі. «Әкесінің

қасында бүрісіп отырған күйеуіне жек көре бір қарады. Қанын ішіне тартып, бозарып кетіпті. Жанары ызалы ұшқын атып, жас тығылып тұрғандай» [4, 154-б]. Автор Зәуренің сезім арпалысын, сондай-ақ оның көпшілікке, соның ішінде белді ақсақалдардың бірі, сол кеңесте билік жүргізген Жарымбет биге айтқан сезінен кейін былайша жалғастырады:

«Бұл сөздің бәрін келіншек бойындағы дірілін, кеудесіндегі ызасы мен толқуын жеңіп тұрып, қолмен қойғандай, шегемен қаққандай айқын баяндайды. Адал адам ғана осылай батыл сөйлей алады деп ойладым мен ішімнен. Өйткені оның сөзі жан сезімнің нұрын шашып, жалаға қарсы жалындалп тұр еді. Әйелдің бүкіл бітімі, жан дүниесі, тіpten киімінің әр түймесіне дейін әділетсіздіке деген айбатын айқын танытатын сияқты. Қаны қашып, сұрланған жұзі құқылданып көрінсе де, батыл шешімнің, ұстанымдылықтың, өжеттіктің нышанын әйгілей түседі» [4, 154-155-б] - деп бәрінің де оның мінезінің қайраттылығына, батылдығына қайран қалып ұйып отырып тыңдағандарын жазушының өзі де үлкен әсермен суреттейді. Әсіресе «қолмен қойғандай», «шегемен қаққандай» деген суреттеулері дәл әрі нақты түрде шыққан. Шынында да, Зәуре айтқанынан қайтпайтын қайсар адамның бейнесін, мінезін танытады. Жазушының да бұл орайда алдымызға әкелген ситуациялық портреті нанымды шықты.

Әдеби шығарманың көркемдік деңгейіне қызмет ететін элементтердің бірі – психологизм табиғаты болса, суреткер қолданған көркемдік тәсілдің қай-қайсысы да кейіпкер табиғатының жұмбақ сырын ашу, сол арқылы шығарманың идеялық-көркемдік салмағын арттыру мақсатында қолданылады. Тіл құралымен адамның көркем образ жасау, ол үшін характерін типтік тұраптта көрсетіп, ішкі жан дүниесін айқын аша білу шеберлігі – қаламгер дарындылығының, таланттылығының бір қыры. Бұл мәселе жөнінде зерттеуші Г.Ержанова: «Психологиялық анализ жасауда кейіпкер мінезінің құбылысын, сөйлеу мәнерін, қозғалыс-қимылын айқын бояумен, жарқын детальдармен аша білу – жазушыдан шеберлікті талап етеді. Образ жасаудың диалог, монолог, портрет сияқты ортақ түрі болғанымен, оны қолдану тәсілдері, яғни образды мұсіндеу тәсілдері әр суреткерде әр басқа. Ол жазушының түйсіну, көре білу ерекшелігіне, көркемдік талғамына, шеберлік сырына байланысты» [5, 76-б] – деп тұжырым жасайды.

Кез келген суреткердің шығармашылық жолы туралы сөз болғанда, оны сол суреткердің дүниетанымының қарастыру орынсыз болар еді. Себебі «биік дүниетану тұрғысы жоқ жерде, шындықты терең, дұрыс тану мүмкін емес» [12, 28-б]. Ал шындық терең, дұрыс танылмаса, шынайы шығарманың тумасы да анық. Ендеше дүниетаным мен суреткерлік шеберлік бірін-бірі толықтырып тұратын егіз ұғым.

Қазақ ауылндағы көрініс тапқан адамгершілік қарым-қатынастарының барлығы да бала Бауыржанның батыр Бауыржан, дана Бауыржан болып қалыптасуына игі әсерін тигізді. «Ұшқан ұяның» тек

жалаң, суреткерлік қиялдан ғана емес, өмір материалын терең зерттеу, оны талдап, таразылау нәтижесінен туғандығы осының айғағы.

### **ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. М. Әуезов. Уақыт және әдебиет. – Алматы: Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1962ж.
2. Т. Ақшолақов. Шығарманың көркем айшықтарын таныту. – Алматы: Рауан, 1994 ж.
3. Б.Момышұлы. Көз алдымда бәріңсің. – Тараз, 2007 ж.
4. Б.Момышұлы. Ұшқан ұя. – Алматы: Атамұра 2003 ж.
5. Г.Б. Ержанова. Қазіргі қазақ повестеріндегі психологизм мәселелері: автореф. ...филол. ғыл. канд.: Алматы, 1994 ж.
6. М.Қаратаев. Таңдамалы шығармалар, 3 томдық, Т.3., - Алматы: Жазушы, 1974 ж.